



БҮГІНГІ САНДА



«BALQAIMAQ»
BRENDKE AINALADY

2»



ÓZGESHE
ÓNEGE IESI

3»



AIMAQ SPORTYNYŇ
AIRYQSHA TABYSY

4»

«Жарқыра, Қазақстан! Жарқыра, туған жер!»



Кеше «Жарқыра, Қазақстан! Жарқыра, туған жер!» атты Президент шыршасы өтті. Шара Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейне көрсетілім арқылы жаңа жылдық құттықтауынан бастау алды.

Мейрагмұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Бүгінгі жаңажылдық шыршаға еліміздегі үздік оқытын өнерлі өрендер жиналып отыр. Мен сендерді және еліміздің барлық балаларын мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – жаңа арманға жетелейтін, жаңа үміт сыйлайтын, ақжолтай тілектер орындалатын ерекше мейрам. Шыр-

ша тойында өнер көрсетіп, сыйлық алатын бүлдіршіннің қуанышынан артық ешнәрсе жоқ. Балалардың бақытты әрі алаңсыз өмір сүруі үшін біз барлық жағдайды жасап келеміз. Сондықтан баршаңыз саналы тәрбие мен сапалы білім алуға ұмтылуларыңыз керек. Бүгінде дүниежүзі тәуелсіз Қазақстанның жарқын

болшағына, жеткен жетістіктеріне құрметпен қарайды. Осындай мемлекетте, еркін елде өмір сүріп жатқан сендер бақыттысыңдар. Бал-дәурен балалықтың бақыты мен шаттығына бөленіп, өсіп өркендей беріңдер, – деді Елбасы.

Әсем би, әуезді әуенмен әрленген кеш ерекше үлгіде өтті. Балақайлар Аяз ата мен Ақшақарға тілектерін жазып, армандарын жеткізді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев балалардың арманын орындады, Елбасы сыйлығын табыстап, ақ тілегін білдірді.

Бүгін республика көлемінде Елбасы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен Прези-

дент шыршасы ұйымдастырылуда. Сіздердің халықаралық, республикалық және облыстық олимпиадаларда, шығармашылық және спорттық сайыстарда жетістікке жеткендеріңіз қуантады. Әрқайсыңыз болашақта Қазақстан Республикасының атын әлемге әйгілі етеді деп сенемін! – деді аймақ басшысы.

Өз кезектерінде шыршаға қатысушылар да алғыстарын жеткізді.

Президент шыршасы маған қатты ұнады. Кеше экскурсия жасасақ, бүгін мерекелік кешке куә болдық. Осындай жақсы көңіл-күй сыйлаған Елбасына, ел ағалары мен ұстаздарыма алғысым шексіз, – дейді №250 орта мектептің оқушысы Әділ Кәрібаев.

Кеш соңы мерекелік концертке ұласып, балаларға «Вілім book» жинағы табысталды. Айта кету керек, дәстүр бойынша мерекелік шараға оқу озаттары мен өнерлі оқушылар, облыс бойынша аз қамтылған және қолбалалы отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ, «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілері, барлығы 9-13 жас аралығындағы 200 бала қатысты. Оқушыларға бір күн бұрын қала бойынша экскурсия ұйымдастырылды. Олар облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, «Рухани жаңғыру» орталығына, «Мүз айдынына» барды және қаланың басқа да көрікті жерлерін аралады.

Шыршадан тараған шұғыла

Қызылорданың орталық алаңында салтанатты түрде бас шыршаның шыршағы жағылды. Жарықшамдармен безендірілген биіктігі 23 метрлік жасыл шырша, түрлі формадағы бейнелер ақ қыраулы қыстың өзін әдемілендіріп, түнгі қаланың ажарын аша түскен. Шарада облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Сыр елі үшін биылғы жылдың толағай табыстарға толы болғанын атап өтті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Жаңа жыл жақсылықтың жарышы іспеттес. Біз алдымызда тұрған көптеген ауқымды міндеттерді атқару үшін болашаққа бағдар құрамыз. Өткен жылға өкпеміз жоқ. Халқымыздың жеті қазынасының бірі – Ит жылы Тәуелсіз мемлекетіміз үшін де, Сыр елі үшін де берекелі де несібелі, ырысы мол жыл болды.

Алдымен айтсақ, Ұлы Дала тосіндегі айбарлы Астанамыздың 20 жылдығын және Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласының 200 жылдығын барша халық болып атап өттік. Астананың 20 жылдық мерейтойына облыстан сый ретінде зымыран – ғарыштық техникасы музейінің ашық экспозициясын Елбасының қатысуымен салтанатты түрде пайдалануға берілді. Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойының ең басты тартуы Сырдарияның сол жағалауында бой көтерген жаңа қала болды. Оның алғашқы нысаны – Қазақ Орталық атқару Комитетінің (ҚазЦИК) ғимараты үлгісіндегі қалалық музей мен «Рухани жаңғыру» орталығы пайдалануға берілді, – деді аймақ басшысы.

Биыл екі жүз жылдық тарихтың дүбірлі тойын атап өткен Қызылордада айтулы жаңалық көп. Барша әлемге танылған жетістіктің бірі – Қорқыт ата мұраларының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық ма-

териалдық емес мәдени мұралар тізіміне енуі. Аймақ басшысы бұл Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласына сырбойлықтардың лайықты жауабы екенін ерекше атап өтті.

Аймақта индустриаландыру бағытындағы жұмыстар да қарқынды. Тәуелсіздік күні қарсаңында Астанада өткен телекөпір аясында Шнелдегі тампонажды цемент зауыты іске қосылды. Сондай-ақ, биылғы жылдың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаған ең үздік өңір деп танылып, Мемлекет басшысы «Алтын сапа» сыйлығын табыстады. Жалпы, сәулеті мен дәулеті келіскен Сыр елінде бұл жерге ерекше жаңалықтарымен есте қалғаны анық.

Облыстың бас шыршасы шыршағын облыс әкімімен бірге «Мен қазақпын-2018» ұлттық мегажобасының жеңімпазы, жырыш Күнсұлду Түрікпен, парадоздо бойынша бірінші қазақстандық әлем чемпионы Олжас Оразалыұлы мен «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушысы, «Air Astana» және «Самұрық қазына» ұйымдастырған халықаралық ғылыми жобалар байқауының жеңімпазы Евгений Демиденко жақты. Салтанатты шарада жиналған халық театрландырылған қойылым тамашалап, мәдениет майталмандарының өнеріне қол соқты.



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен аппарат мәжілісі өтіп, жиын кадрлық өзгерісті таныстырудан басталды. Аймақ басшысының өкімімен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы лауазымына Нұрғали Қордабай тағайындалды. 2016 жылдың мамыр айынан бастап ол басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Назерке САНИЯЗОВА.

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Н.Қордабай 2018 жылға белгіленген экономиканың нысаналы өсу индикаторлары мен облыс әкімінің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарының орындалу барысына кеңінен тоқталды. Онеркәсіп өндірісін есепке алмағанда биыл экономиканың нысаналы өсу индикаторында оң динамика қалыптасып отыр.

Экономика салаларына 243 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 19,8%-ті құрады. Бұл ретте Қызылорда облысы республика бойынша 5-орынға табан тіреді. 2018 жылдың 11 айында аумағы 588 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, көрсеткіш 5,9%-ке артығымен орындалды.

Ауыл шаруашылығында өсім динамикасы жыл бойы сақталып, 92 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Шағын кәсіпкерлік саласында да оң нәтиже бар. Жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 13%-ке артып, Сыр өңірі республикада 2-орыннан көрінді, – деді ол.

Одан бөлек, басқарма басшысы облыс әкімінің 2018 жылға арналған бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы айтты. Белгілі болғандай, бүгінде жоспарда қамтылған шаралардың 124-і орындалды, 53-і бойынша жұмыс атқарылып жатыр.

Аппарат мәжілісінде жаңа жұмыс орындарын құру және бейресми жұмыспен қамтылған халықты заңдастыру бағытындағы шаралар қорытындыланды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың сөзіне сүйенсек, жыл ба-

сында аймақта 114 046 азаматтың мәртебесі нақтыланбаған болса, қазіргі кезде бұл көрсеткіш 78 857-ге немесе 69,1%-ке азайды. Қалған бөлігі – негізінен өз бетінше жұмыспен қамтылғаны мен тіркелмеген жұмыссыз азаматтар.

Биыл өңірде 11227 жаңа жұмыс орны құрылып, 10777 тұрақты жұмыс орны ашылды. Осылайша жоспар 107%-ке артығымен орындалды. Кешенді жоспар шеңберінде бүгінгі күні 41515 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. Оның бірінші бағыты аясында техникалық және кәсіптік оқытуға 500 адам жолданған. Қысқа мерзімді курсқа жіберілген 1603 адамның 1354-і оқуды аяқтады. Қазір олардың 72%-і жұмыспен қамтылды.

Қысқа мерзімді курс бітірген азаматтардың жұмысқа орналастыруда қиындық бар. Көбі стипендия үшін оқиды. Мысалы, жұмыс берушіге 5 кондитер қажет болып, 70 шақты адамның 2-і ғана жұмысқа орналасқан жағдайлар кездесті, – деген басқарма басшысы ендігі жерде оқудың тиімділігіне баса көңіл бөлінетінін жеткізді.

Жалпы, есепті мерзімде жұмыспен қамту саласы бойынша белгіленген көрсеткіштер орындалды. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% шамасында жоспарланса, оның орнына 4,8%-тік көрсеткіш сақталды.

Биыл өңірде тіркелген еңбек саласындағы заңбұзушылықтардың 75%-і – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, 24,1%-і мемлекеттік мекемелерге тиесілі. Бұл туралы облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаев мәлімдеді. Тексеру нәтижесінде 69 жеке және заңды тұлға

әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оларға 8,9 млн теңге көлемінде айыппұл салынып, аталған соманың 7,8 млн-ы өндірілді.

11 айда 86 кәсіпкерлік субъектісі 1816 жұмыскерге 179,5 млн теңге жалақы берешегін өтеді. Қазіргі уақытта банкроттық және оналту рәсімі жүргізіліп жатқан 3 кәсіпорынның 45 адам алдында 18,3 млн теңге жалақы қарызы қалыптасып отыр. Олардың басым бөлігі –

кәсіпкерлік субъектілері. Өйтсе де, осындай фактілер мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде де кездеседі, – деді ол.

Жұмыс істеп жүріп жазатайым оқиғалардан жапа шеккен азаматтар да аз емес. Статистикадан өткен 11 айда тіркелген өкінішті жағдайлар саны – 21,9%, ал оның зардабын тартқандар үлесі 30,2%-ке артқаны аңғарылады. Сала жетекшісі мұның негізгі себептері ретінде жұмыс берушілер тарапынан жұмысты қауіпсіз жүргізудің тиісті дәрежеде ұйымдастырылмауын, еңбек қорғауда ішкі бақылаудың жасалмауын және еңбекті қорғау қағидаларының бұзылуын атады. Жолда желмен жарысатын көлік жүргізушілер ақталатын жұмысына кедергі келтіріп, өмірлі зиянын тигізіп жүр. Облыстық жедел жәрдем станциясында биылдың өзінде 4 жазатайым оқиға болып, соның салдарынан 5 медицина қызметкері ауыр жаракат алып, 3 жұмыскер орта дәрежеде жаракаттанды.

Аймақ басшысы жиын барысында құқық сақшыларына мұндай келенсіздіктерге бей-жай қарамау керектігін ескертті.

Жеке автокөлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережелерін бұзып, арнайы дыбыс және жарық құралдарымен жабықталған жедел жәрдем көліктерінің басымдығын жүруіне кедергі келтіру жағдайларын бойынша қатаң шара көрілуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Жиын қорытындысында жауапты сала басшыларына жаңажылдық мереке кезіндегі қауіпсіздік шараларына мұқият болу жөнінде тапсырма жүктелді.

BAĞDARLAMA BAIANY

«НҰРЛЫ ЖОЛ» –
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ДАМУ ТҮ ИГІЛІГІ

Елбасы 2011 жылы Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылы ауылдық елді мекендердің 80 пайызын орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосу жөнінде тапсырма берген болатын. Соған сәйкес 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы қабылданып, бұдан кейін бірқатар салалық бағдарламалар ықшамдалып, 2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасына біріктірілді. 2015 жылы қабылданған «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы ескірген ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Аталған бағдарламалар аясында облыста мақсатты әрі жүйелі жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, 2011-2017 жылдар аралығында бюджеттен 40 млрд теңгеден астам қаржы тартылды. Соның нәтижесінде 2,5 мың шақырымға жуық ауылшілік және сервистік жүйелер жаңартылды, 8,5 мыңнан астам су өлшегіш құралдар орнатылды. Бүгінгі күні облыстағы 265 ауылдық елді мекеннің 199-і немесе 76,5% орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Халық санына шаққанда, 97%-ті құрайды.

Елбасының 2014 жылғы «Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы аясында инфрақұрылымдық сапа жөнінде әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына кіруге бағытталған «Нұрлы Жол» бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарлама еліміздің экономикалық құрылымдық өзгерістеріне серпін беріп, қосымша өсуін қамтамасыз етуге міндеттелген инфрақұрылымды дамытудың жана, бірегей бағыты екенін дәлелдеп келеді. Оны облыста бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардан байқауға болады.

Мәселен, жылумен қамтамасыз ету бойынша 2015-2016 жылдары «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына 4 млрд теңге қаржы бөлініп, 14,4 шақырым жылу желісі қайта жаңғыртылды. Тұрғын үй құрылысы «Нұрлы жер» бағдарламасына ауыстырылғанға дейін «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша көптеген қызылордалықтар баспаналы болғанын білеміз. Мысалға, тек 2016 жылдың өзінде аталған бағдарлама аясында 350 пәтерлік жеті үй пайдалануға берілгенді.

Ал 2018 жылы облыста «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 14 жобаға 3 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 13 жобаға бөлінген қаржы – 1,6 млрд теңге. Бұл қаржыға сумен жабдықтау бойынша – 8, суды бұру бойынша 5 жоба жүзеге асырылды. Нәтижесінде 10 шақырым ауыз су және 4,5 шақырым көріз жүйелері жаңғыртылды. Жанакорған ауданы бойынша сумен қамтудың 1 жобасына 1,4 млрд теңге бөлінген. Бұл жұмыстар 2019 жылы аяқталады.

QYZYLORDA OBLYSYNYŇ AKIMDIGI



ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылордада қоршаған ортаны қорғау саласының 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Мерейлі мерекеге орай бірқатар сала қызметкері марапатталды.

Шынар БЕКБАН.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов қатысып, жиналғандарды мерекемен құттықтады.

– Қазақстан Республикасының экология саласының 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған бүгінгі шараның

маңызы зор. Өңір тұрғындарына туған жерінің табиғатын қорғап, жасыл желекке айналдырудың маңызды екенін насихаттап, осы бағыттағы бастамаларды үлгі көрсетіп келе жатқан экологтар еңбегін жоғары бағалаймыз. Иықтарыңыздағы жүктің салмағы, атқарып жатқан міндеттеріңіздің жауапкершілігі орасан зор. Табиғатты қорғау саласында күш-жігерін аябай еңбек етіп жүрген сіздер ерекше құрметке лайықтысыздар, – деді С.Қожаниязов.

Тыныс-тіршілік үшін маңызды зор сала мамандары облыстың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық деңгейінің артуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Шарада Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Дастан Өтеуов Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ІІ дәрежелі «Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

– Елбасы тапсырмасына сәйкес табиғат саласын дамытуға тың серпін беріліп жатыр. Осы орайда тынбай еңбек ететін боламыз, – деді Дастан Орынбасарұлы.

Сыр елінің табиғатын аялауда, эко-мәдениетті өркендетуге өз үлесін қосып, еңбек етіп келе жатқан мамандар да мерекелік төсбелгі және облыс әкімінің алғыс хатын иеленді.

ТАҒАЙЫНДАҰ

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы лауазымына Қордабай Нұрғали Рахымшаұлы тағайындалды.

Н.Кордабай 1976 жылы туған. Қызылорда политехникалық институтын «Бухгалтерлік есеп және аудит», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқық» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы «Дәнекер» АҚ бухгалтері ретінде бастаған.

1999-2015 жылдары Қызылорда облысының салық органдарында жауапты басшылық қызметтер атқарған.

2015-2016 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі.

2016 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып келеді.

ЖЕРДІ МАҚСАТТЫ
ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті интернет конференцияда жерді пайдалану жүйесі сөз болды. Жиында алдытқы жердің пайдалануы мен қорғалуы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Қанатбек Серікбаев осы бағыттағы жұмыстар жайын баян етті.

Спикер қолданыстағы жер заңнамасының нормаларына сәйкес, мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесі сот тәртібімен алынып алуға тартты. Ескеретін жайт, құрылысқа арналған жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайына әкімшілік жазалау көзделмеген.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– ҚР заңнама бұзушылықты жою қажеттілігі туралы нұсқама жер учаскесіне құқық ауыртпалығы ретінде «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады. Айта кету керек, жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланылмаған және

игерілмеген деп бағалауға төмендегі жағдайлар негіз болмақ. Егер құрылысқа арналған жер учаскесі үш жыл ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаса, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесі екі жыл көлемінде мақсатқа сай игерілмеген, ол мәжбүрлеп алып қойылады. Бақылау функциясын жүйелі

ұйымдастыру, осы бағыттағы заң бұзушылықтарды болдырмау үшін мүдделі мемлекеттік органдар да бір мақсатқа ұйысты. Бірлескен іс-қимылдың «Бағдаржолы» бекітілген. Осы шаралардың нәтижесінде биылғы жылдың 11 айында 612,18 гектарды құрайтын 25 жер учаскесінде заң бұзушылықтар анықталып отыр. Сонымен қатар 21 жер учаскесін мәжбүрлеп алу жөнінде талап арыз берілді, – деді Қ.Серікбаев.

Жерді пайдалануға қатысты қордаланған мәселелерді шешуде қолданыстағы заңнама талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жетілдіріліп отыратыны да айтылды. Мәселен, биыл ҚР 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне өзгеріс енгізілген. Қазір ҚР ЖК-нің 17 және 18 бабы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды көздейтін 2-1 және 2-2 тармақшаларымен толықты. Осыған сәйкес, мемлекеттік бақылау жергілікті атқарушы органдардың қузыретінде.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 741 мемлекеттік қызметтің 80 проценттен астамын жүзеге асырады. Корпорация қызмет түрінің сапалы, жылдам әрі жеңілдетілген түрде көрсетілуін басты назарға алған. Ең бастысы, тиімділігін танытқан пилоттық жобалар халық көңілінен шығуда.

АТҚАРЫЛҒАН ІСТІҢ
АУҚЫМЫ КЕҢ

Бұған біз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыстық филиалында өткен көшпелі брифингте көз жеткіздік. Жиында филиал директоры Айдын Қайруллаев атқарылған жұмыстың ауқымы кең екендігін атап өтіп, алға межеленген жоспарларын баян етті.

Мәліметтерге сүйенсек, биыл филиал өңір тұрғындарына 1 млн 200 мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсеткен. Оның 500 мыңнан астамы электрондық форматта ұсынылыпты. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында да облыстық әкімдікпен бірлескен іс-қимыл жоспары бекітілген. Соның нәтижесінде биыл 50 мыңға жуық адам цифрлық сауаттылық курстарынан өтіп, арнайы сертификатқа қол жеткізгені. Бұдан бөлек, қаладағы ЖОО-да студенттерге қызмет көрсету орталықтары ашылған. Мұнда филиал мамандары қажетті қысқа мерзімді курстар ұйымдастырады.

– Биыл «Connection point» өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер көрсетуші 72 процентке артты. Бұл өз кезегінде тұрғындардың цифрлық дағдыларының жоғарылағанын білдіреді. Сонымен қатар корпорация ТМД елдері арасында алғашқы болып мемлекеттік қызметтердің проактивті қағидатын енгізіп отыр. Оңтайландыру аясында іске қосылған жоба арқылы проактивті форматта туу туралы куәлік рәсімдеуге болады. Жоба іске қосылғалы бері облыс бойынша сәбіл болған 6300-ден аса анағ SMS ұсыныс жолданды. Соның негізінде 5 мыңнан астам туу туралы құжат рәсімделіп, балабақша кезегіне 4000 бала тұрды. Жу-

ырда облыстық миграциялық қызмет көрсету орталығының ашылуы көзделуде. Шетелден келген азаматтар бұған дейін салық мәселесі, ЖШН және медициналық анықтама алу үшін бірнеше жерге сабылып, 5-6 күнін жоғалтатын. Енді олар қажетті қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша ала алады, – деді А.Бөкенбайұлы.

Филиал директоры бұдан былай коллікті электрондық үкімет порталында онлайн-режимде тіркеуге мүмкіндік барын жеткізді. Бұл жаңашылдық қызмет алушылардың уақытын үнемдеп ғана қоймай, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығындағы кезекті азайтуға мүмкіндік береді.

Брифинг барысында цифрландыру жүйесі жемқорлыққа тосқауыл болатыны да айтылды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру – заманауи технологияның көмегімен қызмет сапасын жақсартып, жемқорлықтың тамырына балта шабуға сеп. Бұл ретте ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Ғалымжан Ілкібаев «Бүгінде жер және жылжымайтын мүлікті тіркеу мемлекеттік қызметтері «бір терезе» қағидаты бойынша ХҚО арқылы жүзеге асады. Осы секілді қызметтерді бір жерден алу мүмкіндігі өкілетті органдар мен азаматтар арасындағы тікелей байланысты болдырмайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, әкімшілік кедергілерді азайтады» деген пікір білдірді.

М.СНАДІНҚЫЗЫ.

«BALQAIMAQ» БРЕНДКЕ АЙНАЛАДЫ

Соңғы жылдары өңірмізде ата кәсібіміз – мал шаруашылығы қайта жаңданып, түлік сабы айтарлықтай өсті. Тіпті, мал қарасы көбейген 1993 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 29,6%, жылқы – 50,4%, түйе 52,5%-ке артқан. Сонымен қатар соңғы бес жылда ұйымдастырылған шаруашылықтарда ет өндіру 2,7 есеге көбейсе, сүт өндіру 1,6 есеге ұлғайған.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, аймақ тарихында алғаш рет ауыл шаруашылығы өнімдерін тарту нарығына кешенді маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, облыстың агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2020 жылға дейінгі «Агрокартасы» қабылданды. Агрокартаны іске асырудың 2018-2022 жылдарға арналған егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспарға сай 2022 жылға дейін облыста ет өндірісін 13 мың тоннаға, сүт өндірісін 68 мың тоннаға ұлғайту көзделген.

Ендігі мәселе – ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу. Уақыт көрсеткендей, нарық талабы қатал әрі талғампаз. Көше бойында немесе үй аралап сүт сатудың да уақыты өтті. Тұтынушы үшін таза да ыңғайлы жерден, барлық талапқа сай өнім қажет.

Облыс орталығында ел тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында ашылған «BALQAIMAQ» кешені осы талап деңгейіне сай келеді. Жеке кәсіпкер Жібек

Мұхимова отбасылық кәсіпті өзгерткен секілді үй жағдайында бастаған. Оның айтуынша, сүт сату оңай. Ал сүт өнімдерін кешенді өңдеу үлкен өнімді қажет етеді. Бүгінде аймағымызда мал басы көбейген сайын біз сүтті шикілей сатқанымызға маз болып жүрміз. Тіпті, көрші облыстардың сұранысын өтеуеміз. Олар бізден арзан сүт сатып алып, қайта өңдеп, кәсіпті дамытуда. Ал кезінде жайлауында малы мыңғырған қазақ атақсіпті неге ұмытып тиіс?! Қазақтың берекелі де мол дастарханында құрт, ірімшік, жент, қаймақ – бәрі бәрі табылған. Қазір жас ұрпақ ұлттық тағамдар жайында тек кітаптан ғана оқып білетін жағдайға жетті. Мал басының көбеюімен бірге ұлттық тағамдарды дастарханға қайта оралту, тіпті уақыт талабына сай брендке айналдыру біздің міндетіміз.

Осындай оймен үйдегі кәсіпті заман талабына сай етуді мақсат еткен кәсіпкер ең әуелі ыңғайлы ғимарат



құрылысын бастауды ойлап, тәуекелге бел буады. Кәсіпті дамытатын дегенге қолдау табылатын уақытта бұл жұмыс та соншалықты қиындық туғызбайды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында томен пайызбен 10 млн теңге несиеленген кәсіпкер екіқабатты ғимарат құрылысын жүргізіп, сүт өнімдерін қайта өңдеу талабына сай етіп жабдықтайды. Яғни, бұл кешеннен сүт өнімдерінің түр-түрін

табасыз. Сүт, қатық, ірімшік, қаймақ, саумал, шұбат, қымыз, тіпті балқаймаққа дейін бар. Әрине, балқаймақ дегенде елдің елесті қалатын жағдайы бар. Себебі, бүгінде балқаймақты білмейтіндер де аз емес.

– Мақсатымыз – сүт өнімдерін қайта өңдеп сату ғана емес, қазақтың ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарын қайта жаңғырту. Мәселен, жастар біле бермейді. Өзіміз де көп іздендік. Ел ішінен

балқаймақты дәмді етіп жасай алатын әжелерді іздеп тауып, үйреніп жасап жатырмыз. Тұтынушы көңілін шығу үшін сол мезетте күбде айран пісіп бере аламыз. Бұл үшін тоқпен жұмыс істейтін заманауи күбі сатып алдық.

Сонымен қатар дастарханымыздан жоғала бастаған басқа да ұлттық тағамдарды жасап, насихаттағымыз келеді. Біздің ұстаным: ұлтты сақтау – дәстүрді сақтау, – дейді патриот кәсіпкер Жібек Мұхимова.

Айтпақшы, Жібектің кәсібі бұл ғана емес. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында тыңғылықты ізденген кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» аясында инновациялық жобаларға арналған конкурста қатысып, грант ұтып алады. Бұл конкурста түйе жүнінен көрпе тігу жобасын ұсынады. Жеміспіз жоба иесі ғимараттың екінші қабатынан қаражатына қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, жұмысын бастап кетті.

– Бүгінде қой, түйе жүнін қояққа тастайтындар аз емес. Ал, өзге елдер кәсіпке айналдырып, түйе жүнінен жасалған көрпелі қымбат бағада сатуда. Бұл кәсіп біздің де қолымыздан келеді. Шикізат дайын, – дейді кәсіпкер.

Айта кетелік, «BALQAIMAQ» кешенінде өзінде 4 адам жұмыс жасауда. Алдағы уақытта сұранысқа сай жұмыс орны көбейе түспек.

Сыр бойы медицинасының тарихы мен бүгінгі туралы сөз бола қалса, аға буын арасынан Варлен Исаевты айрықша атайтынмыз анық. Ол денсаулық сақтау саласының ыстық суығына бар өмірін арнаған, дәрігер болу үшін туған жан болатын.

Варлен Исаулы. Бұл кісінің өмір жолы, тағдыры да оңай болған жоқ. Дегенде бәрін де жеңді, бәрине де көнді. Өз бақытын өз қолымен жасады.

Кешегі аумалы-төкпелі заман кімнің де болса тағдырына тосқауыл болғаны шындық. Бір мүшелге толар-толмаста жарын жоқтаған аның зарын, әкесін іздеген бәзін сағынышын күн сайын өз жүрегін сүзгісінен өткізіп, өмір кешті. Ерте есейді. Оқи жүріп, еңбек етіп, өзін-өзі асырап, жоғары

ЛОР (құлақ, тамақ, мұрын емдеу бөлімі) бөлімін 30 жыл абыроймен басқарды.

Жарты ғасырдан астам атқарған қызметі кезінде ЛОР сырқаттарының диагностикасына заманауи әдістерін ендірі. В.Исаевтың әлісімен осы күнге дейін гайморолық және шеке қуыстарына, мұрынның сүйек далдаларына, комей ісіктеріне, диагностикалық және емдік эзофагоскопия, бронхоскопия, комметикалық оталар жүргізілуде.

В.И.Исаев бірінші болып, об-

дері міндетіне адалдығы, абыройлы қызметі ерекше танылды.

Кейін, өмірінің соңғы жылдары дәрігерлік жұмыстан бөлек, аурухананың қоғамдық өміріне белсене атсалысты. Тәлімгерлер кенесінің, ардагерлер кенесінің мүшесі, бағбан қоғамының ұйымдастырушысы және саяси комитетінің төрағасы болды.

Қайсыбір жұмыстың нәтижесі, тікелей ұжым мүшелерінің ісі қабылдеттеріне, қасиби шеберліктеріне тікелей байланысты екені белгілі. Бұл талап әсіресе дәрігерлер ұжымына өте қажет. Міне, осы тұрғыда Вакең әр дәрігермен тіл табысып, жүрегіне, ішкі дүниесіне жол таба білді. Талап қойды. Қамқоршы бола білді.

Вакең өз әріптестері арасында біртуар азаматтық болмысымен ерекшеленетін. Турашыл, керек жерінде азаматтық мінез көрсететін, әділеттіктің туын жоғары ұстап, өмірінің соңғы күндеріне дейін ұжым ортасында болды. Өзінің табиғи талантының арқасында білікті маман, ұстаз, ардақты азамат болып, адамгершілігіне дақ түсірмей дүниеден озды.

Өмірге келу де, өмірден өту де өз еркінен тыс құдіреттің күші. Жаратушы әр адамның өмір жолын әр қилы етіп пешенесіне нәсіп еткен.

Өмірінің соңғы жылдары денсаулығына байланысты біршама қиындық кешсе де, жаныммен бірге жаратылып, қанымен бірге қалыптасқан азаматтығы, өміршеңдігі, ақыл-ой парасаттылығы бір сәт төмендемей дүниеден өтті.

Көзі тірі болғанда биыл 90 жасқа толар еді. Халқымызда «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген қағида бар. Олай болса, Вакең арамызда жоқ болғаныммен, көзкөргендер тірі тұрғанда, оның қадр-қасиеті көз алдымызда елестеп, рухы өмір сүретіні сөзсіз. Бұл күндері облыстық медицина орталығы дәрігерлері, әріптестері аты аңызға айналған азаматтың есімін зор ілтипатпен еске алып жатады.

«Өткенімдізді елемесек, болашақтан күтеріміз қайсы» демеуші. Сыр медицинасына еңбегін сіңіріп, маңдай тірін төккен аға буын өкілдері өмір сүрген кезеңнің жастарымыздың жалғанды сақталуы үшін Варлен Исаев туралы көрген-білгендерімді қағаз бетіне түсіріп отырмын. Өрине, ол кісі туралы жазаылар, айтылар сөз әлі алда болмақ.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
«Қазақстанға еңбегі сінген дәрігер»,
облыстың Құрметті азаматы.

ӨЗГЕШЕ ӨНЕГЕ ИЕСІ

Ақыл-ой мен білім-білік, күш-қуаттың бір адамның бойында тоғысқанын осы Исаев Варлен ағамыздан көрдім десем артық айтпаған болар едім. Оның замандығы – адам жанының арашашысы ретінде үлгі тұтатын қасиеттері есімде.

Варлен ағамыз туралы сөз қозғамас бұрын әкесі Иса Токтыбаев туралы айта кеткеніміз жөн болатын шығар. Иса Токтыбаев қоғам қайраткері, «Шолпан», «Ақ жол», «Қазақ тілі» газеттерін редакторы, Оринбордағы педагогикалық институтының директоры, Қазақ АКСР халық ағарту комиссиясының орынбасары, Ленинградтағы шығыс халықтар курсының ректоры қызметін атқарған, 3 рет түрмеде отырған, 1957 жылы ақталып, елге оралған. 1958-1964 жылдары өлкетану мұражайының директоры болған.

Қызылорда қаласының бір көшеге есімі беріліп, өзі тұрған үйге құрмет тақтайшасы орнатылған.

1998 жылы Теренөек ауданындағы №35 казак орта мектебі И.Токтыбаев есімімен аталды.

Осындай казак халқының біртуар азаматының ұлы Варлен 1928 жылы 23 желтоқсанда өмірге келеді. Варлен Исаулы оқуды Ленинград қаласында бастап, Ұлы Отан соғысы басталған соң, елге келген.

Ағамыздың өмір жолы тептегіс болды деп айта алмаймыз. Әкесі «Халық жауы» атанған жас баланың өмір үшін күрес жолында кара жұмыс істеген кезі де болды.

Жалпы біздің кейіпкеріміздің қатарлары балалықты ерте ұмытқан ұрпақ болды. Тарих парағына айналған ХХ ғасыр бұл буынды айтарлықтай-ақ сынайды. Қолдан жасалған аштық, «халық жауы» атанған, қызыл қырғын Отан соғысы, тағысын тағылар осы ғасырдың үлесінде тұр.

Аға буын осы нәубеттің бәрін көрді, ыңғымен көтерді. Міне, осы ұрпақтың мықты бір өкілі Исаев

білім алды. Бұл айтуға ғана оңай шығар. Оның қаншалықты қиындығын сол жолмен жүріп өткен адам ғана жақсы біледі.

Сонымен, Вакең 1947 жылы Қызылордадағы фельдшерлік-акушерлік мектепке оқуға түсіп, оны 1950 жылы, үздік бағамен аяқтап, Алматы қаласы медициналық институтының емдеу факультетіне оқуға қабылданады.

Институтта оққан жылдары да ауыр болды, сондықтан да ол сабақтан тыс уақытында вагондар түсіріп, жерқойма қазып, зан институтының сырттай оқитын студенттеріне курстық және бақылау жұмыстарын жазып беріп жүрді, ал жазғы демалыс күндері көкжөден диспансер бригадалары құрамында мейіргер, мал шаруашылықта жазғы жайылым телімдерінде фельдшер қызметтерін атқарды. Өзінің оқуымен қатар, ол емханада ЛОР кабинетінде мейіргер қызметін қоса алып жүрді. Өзінің негізгі мамандығын таңдауда бұл үлкен себеп болған.

Қиындықтарға қарамастан 1956 жылы институтты үздік бітіріп, Қызылорда облыстық ауруханасына дәрігер-оторларинголог болып жұмысқа қабылданды.

Бұл уақытта дейін облыста оториноларингология сырқаттары бойынша маман жоқ болатын, Исаевқа дейін қызмет жасаған мамандар 2-3 жылдан кейін облыстан кетіп қалып жататын. В.Исаев облыстық ауруханаға жұмысқа келгеннен кейін ғана мамандар ағымы тоқталды, осы кезден бастап, облыс отоларинголог дәрігерсіз қалған емес.

Облыстық ауруханада төрт жыл қызмет атқарып, Мәскеу қаласындағы дәрігерлердің білімін желгілдіру институтының клиникалық ординатурасына түсіп, оны бітірісімен қызметін жалғастырды. Қызметін ординатор ретінде бастап,



лыстық ауруханада госпитальға дейінгі жоспарлы науқастарды консервативтік және оталық емдеу үшін зерттеулер, тарылған өңешті сүмбілеу және тағы басқа әдістер жүргізді. Республика бойынша тұңғыш рет кері бағытта қозғалу эзофагоскопиясын енгізді.

Ординатурада алған тәжірибесін отогенді менингитті, бас ми және миышқ абсцестерін ота әдісімен емдеу кездерінде кеңінен пайдаланды.

Ол 70-ке тарта маман дайындады, бүгінде олар облыс, республика көлемінде қызметтерін атқарады. В.Исаевтың тікелей қатысуымен облыстық орталықта есту-түрлеттік кабинет, балабақшаларда арнайы құлағы нашар еститін балаларға арналған топтар, сурдологпедия кабинет, балалар ЛОР бөлімі және т.б. ашылды.

Бір мезеттері Вакең облыстық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған болатын. Кейін ұйымдастыру-әдістеме жұмысы жөніндегі орынбасары, жедел көмек және кеңес беру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін қоса атқарды. Осы кез-

«ПИРОТЕХНИКА» ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ ӨТУДЕ

Қызылорда облысының Полиция департаменті Төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, 2018 жылғы 18 желтоқсан мен 2019 жылғы 3 қаңтар аралығында заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, есепке алу, қолдану, сатып алу, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін сақтауын тексеру, сертификацияланбаған өнімді көтерме жеткізушілерді анықтау мақсатында облыс көлемінде «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізуде.

Іс-шараның мақсаты – тұрғындардың жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық орындар мен көшелерде, тұрғын үйлерде төтенше жағдайлардың алдын алу, болдырмау, сертификацияланбаған

зансыз пиротехникалық өнімдерді тасымалдауды анықтау және жолын кесу.

Сонымен қатар іс-шара барысында балалар арасында жаракат алуды болдырмау мақсатында қамелетке

толмағандардың пиротехникалық бұйымдарды пайдалануының жолын кесуге ерекше назар аударылуда.

Елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда пиротехникалық бұйымдар қолданылғанда ҚР ӨҚБТК-нің 436-бабының 2-бөлігіне сәйкес, пиротехникалық бұйымдар тәркілене отырып, 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал азаматтық пиротехникалық заттардың және оларды қолдану жасалған бұйымдардың айналмы саласындағы қызмет құқығына лицензиясы бар тұлғалардың пиротехникалық заттарды және оларды

қолданып жасалатын бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзуы ҚР ӨҚБТК-нің 483-бабының 1-бөлігімен пиротехникалық заттар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға 5, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 10, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 15, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 45 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

«СБ» ақпарат.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Бизнестің жол картасы-2020» бірінші бағдарламасында «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары» төртінші бағыты бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы азаматтарының іріктеуге өтініш қабылдау басталғандығы хабарланды.

Өтініштер 2018 жылдың 31 желтоқсан сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінішке қосымша:

- 1) жеке куәлік көшірмесі;
- 2) жұмыс өтілі рәстайтын құжат көшірмесі;
- 3) саудалана бойынша Үміткер құжаттары, растайтын қосымша құжаттарымен бірге (диплом көшірмесі, аттестат, куәлік, қызмет көрсетілетіндігі туралы акт және т.б.).

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кенесінен алуға болады; Желтоқсан көшесі, 42 немесе суралатаkorda2016@bk.ru электрондық пошталы арқылы алуға болады.

Тел: 8/7242/400874.

Сервистік қызмет көрсету бойынша:

1. Қызылорда қаласының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына бухгалтерлік және салықтық есептерді жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кенесші – 3 адам;
2. Жаңақорған ауданының Кәсіпкерлерді қолдау орталығына бухгалтерлік және салықтық есептерді жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кенесші – 1 адам;
3. Кармақсан ауданының Кәсіпкерлерді қолдау орталығына бухгалтерлік және салықтық есептерді жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кенесші – 1 адам;
4. Жалағаш ауданының Кәсіпкерлерді

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Бизнестің жол картасы-2020» бірінші бағдарламасының төртінші бағыты «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары» аясында «Бизнес-мектеп» компонентінің оқытушы жоқаларын жүзеге асыру бойынша қызметтерді іріктеуге конкурс жариялайды.

Облыс деңгейіндегі тренерлерге қойылатын жалпы талаптар:

- 1) жоғары білім;
- 2) бизнес-тренерлерге арналған Мастер-класты тренинг-оқытушыларды өткізуде тәжірибелік біліктілікпен бекітілген сертификаттың болуы;
- 3) мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;
- 4) компьютерлік сауаттылығы болуы.
- 5) тренінг өткізуде біліктілігінің болуы;
- 6) кәсіпкерлік қызметті жүргізу

3 жылдан кем емес тәжірибесінің болуы;

7) кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалары білуі (оқытушылық тәжірибесінің болуы қуғталыды).

Өтініштер 2018 жылдың 31 желтоқсан сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

Өтінішке қосымша тігіледі:

- 1) жеке куәлік көшірмесі;
- 2) жұмыс өтілі рәстайтын құжат көшірмесі;
- 3) куәландыратын құжаттары қоса тігілген арнайы үлгідегі үміткер сауалнамасы (диплом, аттестат, куәлік, қызмет көрсетілетіндігі туралы акт және т.б. көшірмелері).

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кенесінен алуға болады; Желтоқсан көшесі, 42 немесе суралатаkorda2016@bk.ru электрондық пошталы арқылы алуға болады.

Тел: 8.7242/400874.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталдығы», «Ақмешіт жастары» және ауданың барлық басымдарына хабарландыру орналастырығынз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры мен ұжымы «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Болат Елтайұлы Боранбайға анасы Айторы Шорманқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

JYL ÚZDIKTERI - 2018

Аймақ спортының айрықша табысы

Өткен аптада Алматы қаласында Қазақ Спорт және Туризм академиясы мен "Спорт жұлдыздары" республикалық журналының ұйымдастыруымен "Жыл үздіктері - 2018" жеңімпаздары марапатталды. Атап айтсақ, "Үздік спортқа жанын аямайтын облыс әкімі" номинациясы бойынша аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев жеңімпаз деп танылды. Ал Олжас Әкімов басшылық ететін облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы "Үздік спорт басқармасы" атағын жеңіп алды. Сыр спортының үздіктерін дайындауда маңызды зор №2 облыстық олимпиадалық резерв мектебі "Үздік спорт мектебі" номинациясына ие болса, басқарманың баспасөз хатшысы, әріптесіміз Лаура Шонғалова "Үздік баспасөз хатшысы" атанды.



Сыр спортының дамуы жылдан-жылға қарқын алып келеді. Биыл 7 елді мекенде спорт нысандары пайдалануға берілсе, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 9 жоба іске қосылды. Спорт мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қала,

аудан мектептеріне 8 автокөлік берілді. Сондай-ақ, спорт басқармасы бағынысындағы мекемелер спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Облыста ұлттық және ат спорты түрлерінен спорттық клубтар ашылып, бұқаралық спортты дамыту мақсатында

2019-2021 жылдарға арналған жол картасы қабылданды. Нәтижелі жұмыстардың арқасында Сыр спортшылары биылғы жылы Қазақстан, Азия, Әлем чемпионаттарында 1500 медаль ұтып, бытырғы жылмен салыстырғанда медаль санын 700-ге арттырған. Салауатты

өмір салтын ұстанған аймақтағы игі істер бұны әкімінің тікелей қолдауымен жүзеге асырылып жатыр. Мұндай қолдаулар спортты насихаттап қана қоймай, онымен шұғылданушылар қатарының өсуіне, бұқаралық спорттың одан әрі дамуына септігін тигізуде.

«СБ» ақпарат.

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Әлия Арысбайқызының туғанына 70 жыл толуына орай «Жүрегі ән салған Әлия» атты еске алу кеші болып өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Жүрегі ән салған Әлия

Ең әуелі қаламыздағы Әйтеке би көшесі №26 үй жанынан ескерткіш тақтанын ашылу рәсімі өтті.



Әлия Арысбайқызы өзінің 40 жылдық өнер жолында талай рөлдерді сомдап, өнердің биік белесін бағындырды. Ол М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» – Айманды, «Еңлік-Кебегінде» – Еңлікті, Г.Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқтының» – Ақтоқтыны, И.Байзақовтың «Ақбөкенінде» – Ақбөкені, Ә.Тәжібаевтың «Майрасында» Майраны сырылдықпен бейнелеп, көрермен көзіайымына айналды.

Сондай-ақ, В.Шекспирдің «Король Лирінде» – Корделия, В.Шиллердің «Зулындық пен махаббатында» – Луиза, А.Чеховтың «Апалы-

сінділі үш қызында» – Маша, И.Друцоннің «Ең киелі қасиетіндегі» – Мария Әлия Арысбайқызының үлкен сахна суреткері екенін дәлелдейтін шоктығы биік тұлғалар. Қайталанбас тұлғаларды сахнада сомдаумен қатар ән салғанды ұнатыпты сырылдық да талғампаз өнер иесін еске алу кешінде әріптестері ол сомдаған қойлымдардан үзінді қойып, ол айтқан әндерді орындады.

Баланың болашағын қазірден ойла

Балаларымыздың болашағы білімнің деңгейіне тікелей байланысты. Алайда көптеген ата-ана баласының ЖОО-да оқуына ақы төлеу мәселесін соңғы сәтке қалдырады, сол сәтте банктен тиімсіз кредит не біреуден қарыз алу соңғы шешім болып көрінеді.

депозиттерін қассалар, Nur&Pay интернет-банкін арқылы, сондай-ақ картдан жинақтау шотына аудару арқылы толтыруға болады. Бұл салымшыға өте ыңғайлы, әрі бірталай уақытты үнемдейді.

Осы ретте ақшаны жоспарлы түрде жинақтау – үйде, банк ұяшықтарында және әртүрлі депозиттерде жинау бұл мәселені шешудің оңтайлы жолдарының бірі болуы мүмкін.



Депозиттер нарығында Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің шеңберінде іске асырылатын «АҚҰЛ» білім беру депозиті көптеген ақшаның ең тиімді қаржы құралы болып табылады.

«АҚҰЛ» білім беру депозиттері бұл:

1. Мемлекеттен жыл сайын ақшалай сыйлыққа алу
2. «АҚҰЛ» білім беру депозитіне банктің сыйлықасынан бөлек жинақталған соманың 5-7 % мөлшерінде мемлекет сыйлықасы есептеледі. Осылайша мемлекеттің қолдауымен оқуға шығындарды едәуір азайтып, отбасылық бюджетке түсетін салмақты біршама жеңілдетуге, сәйкесінше болашақта баланы кепілдік түрде оқытуға болады.
3. Салымдардың кепілділігі
4. «АҚҰЛ» білім беру депозиті 10 млн теңгеге дейінгі сомаға Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорымен сақтан-

дырылған. Осылайша, білім беру депозиттері толықтай қорғалған.

3. Өндіру шараларынан қорғалды
4. «АҚҰЛ» білім беру депозиті мемлекет тарапынан, әрі үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір өндіріс алумен қорғалған.
5. Сондықтан білім беру депозиттері толық қорғалған.
6. Салымдардың мерзімділігін өз бетіне белгілеу мүмкіндігі
7. Салымшы ашылған депозитке жасалатын жарналардың мөлшері мен олардың жиілігін отбасылық бюджеттің мүмкіндіктеріне қарай өзі белгілейді. «АҚҰЛ» білім беру

5. Оқу орнын таңдауға шектеу қойылмайды.

6. Жас ерекшелігі бойынша шектеу жоқ.

Білім беру депозитінде кез келген адам қаражат жинақтай алады. «АҚҰЛ» білім беру депозитін ай сайын 2-5 мың теңгеден балаға ғана емес, өз атында да ашуға болады. Осылай, ЖОО-ға немесе колледже оқуға тапсыратын кезде біршама қосымша сома жиналады. Бүгінде 20 мыңға жуық білім беру депозиті ашылды.

Жауапкершілік жүгінен арыл! Баланың болашағын қазірден ойла! Көптен калма!

Электр энергиясын тұтынушылар назарына!


Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Қоғамдық маңызды бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын белгілеу туралы 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 124-86-3т. бабына сәйкес, 2019 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап «Энергосервис» ЕЖШС-нің электр энергияға тарифтерінің төмендегендігі туралы хабарлайды.

1. Орташа босату тарифі – 16,9120 теңге ҚҚС-мен;
2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 15,4896 теңге ҚҚС-мен.
3. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрліталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф бекітілген:
 - 1-деңгей 70 кВт*с дейін 1 адамға айына – 14,4256 теңге ҚҚС-мен;
 - 2-деңгей 70-тен 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 18,5920 теңге ҚҚС-мен;
 - 3-деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 23,24 теңге ҚҚС-мен.
4. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрліталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф бекітілген:
 - 1-деңгей 90 кВт*с дейін 1 адамға айына – 14,4256 теңге ҚҚС-мен;
 - 2-деңгей 90-нан 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 18,5920 теңге ҚҚС-мен;
 - 3-деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 23,24 теңге ҚҚС-мен.
5. Тұтыну көлемі негізінде жеке тұратын ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін мүгедектер, жасы бойынша пенсионерлер үшін сараланған тариф бекітілген:
 - 1-деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 14,4256 теңге ҚҚС-мен;
 - 2-деңгей 100-ден 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 18,5920 теңге ҚҚС-мен;
 - 3-деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 23,24 теңге ҚҚС-мен.
6. Тұтыну көлемі негізінде жеке тұратын ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін мүгедектер, жасы бойынша пенсионерлер үшін сараланған тариф бекітілген:
 - 1-деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 14,4256 теңге ҚҚС-мен;
 - 2-деңгей 100-ден 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 18,5920 теңге ҚҚС-мен;
 - 3-деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 23,24 теңге ҚҚС-мен.
7. Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 18,2112 теңге ҚҚС-мен.
8. Бюджеттік ұйымдар үшін тариф – 24,1696 теңге ҚҚС-мен.
9. Өзге тұтынушылар үшін тариф – 17,0912 теңге ҚҚС-мен.

«Энергосервис» ЕЖШС әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Энергосервис» ЕЖШС орташа босату тарифінің төмендеу динамикасы, қосымша құн салығын ескермегенде



Тарих	Тариф (теңге)
18.04.2016р.	16,74 тр.
01.07.2016р.	16,67 тр.
01.08.2017р.	15,84 тр.
01.06.2018р.	15,80 тр.
01.08.2018р.	15,79 тр.
01.12.2018р.	15,21 тр.
01.01.2019р.	15,10 тр.

«Энергосервис» ЕЖШС тұтынушыларына орташа босату тарифтің төмендеуі жөнінде ақпарат, қосымша құн салығын ескермегенде

«Энергосервис» ЕЖШС-і 2016 – 2018 жылдар аралығында электр энергиясының тарифін 6 рет төмендеткен. 2016 жылы тариф 0,42 % төмендетілді (0,07 теңге), 2017 жылы 4,98 % (0,83 теңге), 2018 жылы 3,98 % (0,63 теңге), ал 2019 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап тариф 0,72 % төмендетілді (0,11 теңге).

2016 жылдың сәуір айы мен 01.01.2019 жыл аралығында тарифтің төмендеуі 9,8 % құрады (1,64 теңге).

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсия» АҚ-ы (18-44) «Құмкөл кен орнының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі газ-турбиналық электр станциясының ВЛ-110кВ дейін ПС-110/35 кВ Қызылқиядағы ПС-110/35 кВ Қызылқияға дейін» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылқияда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petroqazakhstan.com электронды пошта арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Байланыс операторының ауысуына байланысты «Сыр медиа» ЖШС газетінің телефон нөмірлері өзгертілгенін хабарлаймыз.

Серіктестік басылымға және оған қарасты облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясына хабарласу үшін 40-11-10 нөмірінен кейін жазғанды терісесіз.

Бас редактордың қабылдау бөлімі – 1002

Бас редактор – 1007

Бас редактордың орынбасары – 1053

Жауапты хатшы – 1037

Бұхляр: Руханият және ақпарат – 1039, 1040

Экономика – 1038, 1033

Әлеумет және саясат – 1034

Жарнама – 1058

Есеп-қисап – 1052

Компьютер орталығы – 1036

Корректорлар – 1035



Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43

Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687
Тапсырыс №1962

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАСОВ.